



ҚАЛБА ТЫНЫСЫ

№ 20 (9433) Жұма, 22 мамыр 2026 жыл

Газет 1934 жылдан бастап шығады

Айна ақпарат

Облыс әкімі Семейдегі вокзал құрылысын көрді

Облыс әкімі Берік Уәли Семей қаласындағы теміржол вокзалын реконструкциялау жұмыстарының барысымен танысты.

Қазір облыста 10 теміржол вокзалы жаңғыртылып жатыр. Оның қатарында Семей, Аягөз, Шар, Ақтоғай, Жалаңашкөл, Дегелең, Үшбілік, Жарма, Белағаш және Ауыл станциялары бар.

Семей теміржол вокзалы 1915 жылы салынған. Нысанды қайта жаңғыртудың болжамды құны 5,7 млрд теңгені құрайды. Жөндеуден кейін вокзалдың жалпы аумағы 3 мыңнан 4,7 мың шаршы метрге дейін ұлғаяды.

Қазір нысанда су құбыры мен кәріз желілерін жүргізу жұмыстары аяқталған. Шатыр жабу және ішкі қалқаларды орнату жұмыстары атқарылуда. Нысанда 32 жұмысшы мен 3 арнайы техника жұмылдырылған.

Жөндеу кезеңінде жолаушыларға қызмет көрсету үшін вокзал ғимаратының жанынан уақытша күту орны ұйымдастырылған. Жобаны 2026 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Аймақ басшысы вокзалдың қала инфрақұрылымындағы маңызына тоқталып, құрылыс сапасы мен мерзімін қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

«Облыс көлемінде жаңғыртылып жатқан вокзалдар — Президенттің тікелей бақылауындағы құрылыс нысандары. Сол себепті жұмыстарды мерзімінен бұрын, қар жауғанға дейін бітіру керек. «Белгіленген кесте бойынша жылдың аяғы» деп созбаңыздар. Халықты далада тондыруға болмайды» - деді Берік Уәли.

Айта кетейік, вокзал ғимаратынан бөлек, сол аумақтағы жаау жүргіншілер көпірі мен темір жолдар да қайта жаңғыртылатын болады.

Абай облысының әкімдігі.



Kасpi QR


Жазылым үшін ақысын төлеу
Оплата за подписку



«Қалба тынысы» газеті
Газета «Қалба тынысы»

Туған елге - тағзым

ЖАРМИНСКИЙ ЦВЕТЛОК – РОЗА



В минувшие выходные Жарма встречала у себя советскую и казахскую эстрадную певицу, удостоившуюся звания поющего соловья Средней Азии, киноактрису и педагога-профессора, народную артистку Республики Казахстан Розу Рымбаеву. Вместе со знаменитой певицей на ее малую родину прибыл и принял участие в мероприятиях депутат Мажиліса Парламента, именитый спортсмен, двукратный призер Олимпийских игр, чемпион мира по классической борьбе, заслуженный тренер Казахстана Даулет Турлыханов, а также творческий десант популярных в стране звезд отечественной эстрады, который представили сыновья Розы Рымбаевой Эли Оқапов и Мәди Рымбаев, певцы Медеу Арынбаев, Жәніс Сейдуллаұлы, Отанбек Енсехан, Фархат Калиев, более известный под псевдонимом «Kalifarniya».

В этот день Роза Рымбаева, Даулет Турлыханов и другие известные гости приняли участие в акции по высаживанию деревьев в рамках республиканской экологической инициативы "Таза Қазақстан". Мероприятие прошло в парке районного



центра. Всего было высажено около 45 насаждений. Рядом с каждым саженцем установлена именная табличка с именем гостя, который его посадил.

Все мы помним, как прославила Роза Рымбаева имя Жарминского района и всего Казахстана на весь Советский Союз своими красивыми победами в конце семидесятых - начале восьмидесятых годов на международном песенном конкурсе «Золотой Орфей», фестивале польского Сопота, турецкого музыкального конкурса «Алтын микрофон». Певица входила в финалы знаменитой «Песня года», в хит-парады «Звуковой дорожки», была она и в десятке лучших эстрадных певиц СССР. В нынешнем году Роза Куанышевна, в рамках патриотической акции «Туған жерге тағзым», празднования 50-летия своей творческой деятельности, на радость землякам дала большой благотворительный концерт, где прозвучали как эстрадные произведения казахстанских компо-

организаторы подготовили насыщенную программу, объединившую музыкальные выступления гостей и местных артистов, выраженные слова благодарности людям, внесшим огромный вклад в развитие нашего молодого независимого государства. Открытие концерта началось с исполнения композиций, напомнившим о главной цели акции - укреплении духовных ценностей, уважения к истории, культуре и традициям родной земли. На сцене вместе с Розой Рымбаевой выступили все прибывшие артисты, подарив жарминцам любимые хиты и новые песни. Каждый номер сопровождался яркими световыми эффектами и живой поддержкой и аплодисментами публики. Огни мобильных телефонов, поднятых в воздух, создали впечатляющую картину сплоченности, ночного волшебства и красоты.

Одним из эмоциональных моментов вечера можно считать чествование звезд, с обращением в их адрес слов признательности за вклад в развитие культуры страны и сохра-



зителей, так популярные народные песни. Мероприятие стало настоящим праздником музыки, единства и любви к родной стране, собрав на центральной площади села сотни жителей и гостей Калбатау.

С первых минут на концертной площадке царил особая атмосфера. Зрители приходили семьями, а

нение национальных ценностей. В ходе церемонии от имени Даулета Турлыханова Розе Рымбаевой были презентованы ключи от автомобиля, ценные подарки и цветы от жарминцев вручены другим артистам. Благодарственными письмами Даулета Турлыханова отмечено более десятка представителей спортивной сферы - известные атлеты - уроженцы Жармы, тренеры, кто сегодня трудится над подготовкой подрастающего поколения района, прививая им любовь к физкультуре и спорту, воспитывая будущих чемпионов.

Завершилось же мероприятие красочным фейерверком, ставшим яркой точкой большого культурного события. Акция «Туған жерге тағзым» вновь доказала, что музыка и искусство способны собирать людей в едином порыве, вдохновлять на добрые дела, напоминать о важности сохранения патриотической памяти и почитания к родной земле.

Г. Смагулова.



kalba_tynysy



kalba_tynysy



@rv_media2@mail.ru



8-723-47-6-26-99

Сот беделі – мемлекет беделі



Сот беделі – мемлекет беделі. Ал, мемлекеттің бедел-абыройы қоғамның дамып гүлденуінің алғышарты.

Ата Заңымызда көрсетілгендей, биліктің бір тармағы саналатын сот жүйесі – елімізде адам құқығы мен бостандығының сақталуының, қоғамдағы тұрақтылық пен дамудың қамтамасыз етілуінің бірден бір кепілі.

Сот жүйесіндегі негізгі қозғаушы күш, басты тұлға судья болып табылады. Басты тұлға салықалы судья өзінің адал қызметімен, кәсіби біліктілігімен соттың беделін өсіреді.

Сот төрелігі десек көз алдымызға сот билігін жүзеге асыратын, сот актілерін шығаратын судьялар елестейді. Ал бүгінгі күні соттардың жұмысы тек сот актілерінің сапалы дайындалуынан бөлек басқа да өлшемдермен бағаланатынын ескерсек, оны ұйымдастырудағы сот кеңсесіне жүктелінген міндеттердің маңыздылығын айтпай кетуге болмайды. Сот кеңсесі – қайнап жатқан істің ордасы деуге болады. Сот кеңсесімен барлық істер, құжаттар тіркеліп, есебі қалыптастырылып және аяқталып, орындауға жолданған әр бір сот актісіне бақылау жасалып отырады. Осы ретте сот кеңсесі жұмысын өз дәрежесінде ұтымды ұйымдастыра білу – сотқа жүгіншілердің әділ сот төрелігіне деген сенімін қалыптастырады. Сот процесін дұрыс ұйымдастыру, сот құжаттарын, сот отырысының хаттамасын, дұрыс және нақты сауатты жасау сот отырысы хатшысының жұмысына байланысты. Судьяның өнімді жұмыс жасауы сот отырысы хатшысының біліктілігіне, іскерлігіне тікелей байланысты.

Сонымен қатар, бәріміздің ортақ шаңырағымыз – Қазақстан Республикасының одан әрі дами және өркендей беруіне тілектеспін.

А. Жағыпар, Жарма аудандық сотының судьясы.

Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы әкімшілік жауаптылық

Қазақстанда отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы әкімшілік жауаптылық Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (ӘҚБтК) 73-бабымен – «Отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қарсы әрекеттер» реттеледі.

Оған мыналар жатады: балағат сөздер айту; қорлау, ар-намысын кемсіту; тиісу, мазасын алу; үйдегі мүлікті бүлдіру; қылмыстық құқық бұзушылық белгілері жок, отбасы мүшелерінің тыныштығын бұзатын өзге де әрекеттер.

Жауаптылық түрлері: ескерту жасау; 20 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту; 5 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу; бір жыл ішінде қайталанған жағдайда қатаңырақ жаза қолданылады.

Отбасылық-тұрмыстық қатынастар деп ерлі-зайыптылар, бұрынғы ерлі-зайыптылар, туыстар, бірге тұратын адамдар немесе ортақ баласы бар адамдар арасындағы қатынастар түсініледі.

А. Ануарбекова.

Ақын – елдің ардағы



Аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес 15 мамыр күні Әуезов кентіндегі Бақыршық орта мектебінде «Серпер» жастар сыйлығының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Қырғыз Ұлттық Жазушылар Одағының мүшесі, аудармашы, жерлес ақын – Саят Қамшыгердің шығармашылығына арналған байқау ұйымдастырылды. Айта кетейік, бұл байқау аудан мектептері оқушыларының қатысуымен биылғы жылы 4-рет өткізіліп отыр. Жалпы ІҮ «Саят Қамшыгер оқулары» байқауының негізгі мақсаты - ақынның шығармашылығын насихаттау, дарынды балаларды анықтау, қолдау көрсету және дамыту.

Бақыршық орта мектебі ақын ұлын ардақтап, оқушылары ұлттық киіммен салтанатты түрде қарсы алды. Ал ата-аналар салт-дәстүріміздің салықалы үрдісін сахналап, бауырсағын пісіріп, қонақтарына тарту етті. Ақ жаулықты «Асыл әжелер» тобы әннен шашу шашып, қарсы алған әдемі көрініс-ақынмен ілесе келген меймандарға да, шараға қатысуға келген оқушыларға да керім әсер қалдырғаны сөзсіз. Мектеп оқушыларының сурет көрмесі, «Маржандар» би тобы өнері, оқушылардың ақын өлеңдерінен оқылған әдеби монтаждары шараға келген қонақтардың назарына ұсынылды.

Аудандық мәслихаттың төрағасы Мейірхан Оспанбаев Саят Қамшыгерұлының қазақ поэзиясындағы роліне тоқталып, шығармаларының жас ұрпақты ұлтжандылыққа, әсемдікке, отансүйгіштік қасиеттерге тәрбиелеуде үлгі-өнегелік маңызы зор екендігін атап өтті, ақынның иығына шапан жапты. Білім бөлімінің басшысы Данияр Ақзамов-поэзия әлемінде өзіндік орны, үні бар ақынға шынайы ықыласын білдірді. Ақынның еліне бірге кел-

ген құрметті қонақтар - Нұртәліп Шәріпқазы, Бауыржан Әліқожа, Нұржан Байтөс сынды шайырларға сый-құрметін көрсетті.

Ақынның ардақтаған еліне ризашылығын білдірген Саят Қамшыгер 2025 жылғы өткен байқаудағы эссе жазу бағамында орын алған эсселер енген «Жүректің емі-жылы сөз» жинағын табыс етіп, 4 - мәрте ұйымдастырылып отырған бай-



қаудың қатысушыларына сәттілік тіледі.

Байқау бірнеше бағытта өткізілді. Атап айтар болсақ, «Топырағың болсам ел, арманым жоқ» - Саят Қамшыгер шығармалары бойынша эссе жазу, «Өлең шіркін-жан –дүниемнің наз үні» -ақын шығармашылығынан 15 өлеңді жатқа оқу; «Біз ақынбыз, біздерге ешқашанда таң қалма...» қатысушы өз туындысын ұсынады.

Сонымен байқауға ауданның білім беру мекемелерінен 53 оқушы қатысып, нәтижесінде эссе жазудан Бас жүлдені «Абай атындағы

мектеп-балабақша кешені» КММ –нің 10 сынып оқушысы Мақсұтбек Арай иеленді, жүлдегер оқушының жетекшісі: Хамитова Шолпан Хамитқызы. Ал І орынды «Т.Хасенұлы атындағы орта мектебі» КММ-нің 8-сынып оқушысы Отынбаева Айару еншіледі, жетекшісі: Жармагамбетова Галия Капашқызы; Ақын өлеңдерін жатқа оқудан Бас жүлдені «Салқынтөбе негізгі мектебі» КММ-нің 9-сынып оқушысы Мәдетханова Маржан иеленді, жетекшісі Бақдаулетова Айман Алмасқызы. І орынды «Бақыршық орта мектебі» КММ-нің 9-сынып оқушысы Тоқтажан Амир, иеленді, жетекшісі Нурғалиева Айгерім Кафиоллақызы. Өз туындыларын ұсыну бағамы бойынша

Бас жүлдені «К.Шәкенов атындағы орта мектебі» КММ-нің 11-сынып оқушысы Саяқан Азамат иеленді, жетекшісі Жақсыбек Өнербекұлы. Бұл бағам бойынша І орынды «Т.Хасенұлы атындағы орта мектебі» КММ-нің 8-сынып оқушысы Айтқазы Айару, жетекшісі Мамырбаева Арайлым Манарбекқызы.

Өз туындыларын ұсыну бағамы бойынша Бас жүлдені иегері атанған Саяқан Азаматқа ақын 100000 теңге сыйақы ұсынды және жеңімпаздар

кубок және мадақтамалармен марапатталды.

Әдеби байқаудың соңында «Бақыршық» орта мектебінің директоры ұжым атынан, мектеп тұлғалары Өзбеханов Ермек пен Муратханова Назерке ақын Саятқа анасының бейнесі салынған портреттерін сыйға ұсынды. Ақын тебіренісін жасырмай, анасының бейнесін көргенде сағыныштан көзіне жас алғаны - көпшілік қауымды толқытты.

Ақынды тағы бір тебіренген сәт- Кудербаев Ғалым Тоқтажанұлы жыр жауһарын өрнектеп жүрген жерлес ақынға оқырман, ата-ана ретінде өлеңдеріне тәнті болып жүргенін айтып, Саят Қамшыгерге ат мінгізуі. Бұл:

«... Өлкем мені!

Перзенттік махаббатым

Алға қарай бастап жүр күнде мені»-деп, өзі жырлағандай, туған өлкесінің құрметі ақынның мерейін үстем етті.

Бақыршық орта мектебінің әкімшілігі, ұжымы «Ақынның ардақтаған, ел азбайды» -дегендей, ұйымдасқан түрде байқаудың өтуіне үлкен мән беріп, белсенді жұмыс жасауы, портреттері мен оқушылар өнері, байқаудың безендірілуі, шараның өту барысы, қонақтар мен қатысушыларының ризашылығына бөленді.

Өз тілшіміз.



Ақпараттық хабар

Жарма ауданының әкімдігі шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін жалға беру бойынша конкурс өткізеді.

Конкурсқа қатысуға Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына, жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалар тізілімінде тұрған тұлғаларды, сонымен қатар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесіне уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартына бір жыл бойы қол қоюдан бас тартқан конкурс жеңімпаздарын қоспағанда рұқсат етіледі.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдер және конкурс ұсыныстары Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 43-1 бабының және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларының» талаптарына сәйкес болуы тиіс.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу он бес жұмыс күн ішінде 2026 жылдың 23 маусымнан 2026 жылдың 14 шілдеге дейін Абай облысы, Жарма ауданы, Қалбатау ауылы, Достық көшесі, 98 «Абай облысы Жарма ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ, 4 кабинеті мекен-жайы бойынша жүзеге асырылады телефон 8(72347) 65-875.

Конкурстық өтінімдермен конверттер 2026 жылдың 15 шілде сағат 10.00-де, Жарма ауданы, Қал-

батау ауылы, Достық көшесі, 105, мекен жайында (қалалық әкімдіктің ғимаратында) ашылады және қорытындысы шығарылатын болады.

Конкурс:

Конкурсқа шығарылған әрбір жер учаскесі бойынша конкурсқа қатысуға екіден аз өтінім келіп түскен;

Егер конкурсқа шығарылған әрбір жер учаскесі бойынша конкурсқа қатысуға екіден аз қатысушы жіберілген жағдайларда, өткізілмеді деп танылады.

Жер учаскесін пайдалану жөніндегі шарттар мен талаптар

- 1) жер учаскесі белгіленген мақсатқа сәйкес пайдаланылсын;
- 2) жерді қорғау, оларды орынды және тиімді пайдалану жөнінде Қазақстан Республикасының жер заңнамасында қарастырылған іс-шаралар жүзеге асырылсын;
- 3) ауыспалы егіс жүйесін міндетті жүргізу және сақтау қамтамасыз етілсін;
- 4) жер учаскесін пайдалануға арналған төлем уақытында төленсін;
- 5) санитарлық және экологиялық талаптарға сәйкес, өндіріс технологиялары қолданылсын;
- 6) 20.06.2003 жылғы № 442-ІІ Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 65-бабында қарастырылған жер пайдаланушының басқа міндеттері орындалсын.

Жер учаскелерінің тізбесі

Жер уч. № лот	Алаңы, га	Жеручаскесінің қысқаша сипаттамасы	Жалға беру мерзімі, жыл	Жер телімінің орналасқан орыны	Шектеулер мен ауыртпашылықтар
1	396,3176 га. Оның ішінде: 396,3176 га егістік	Өсімдік шаруашылығы	10 жыл	Божығур ауылдық округі, «Холодный ключ» учаскесі, Салкынтөбе ауылынан 20 км	Бөтен жер пайдаланушылардың жерлеріне өту және жүру үшін қоғамдық сервитут орнату, мөмілелер жасауға тыйым салынады
2	130,5300 га. Оның ішінде: 130,5300 га егістік	Өсімдік шаруашылығы	10 жыл	Божығур ауылдық округі, «Көкшетау» учаскесі, Салкынтөбе ауылынан 10 км	Бөтен жер пайдаланушылардың жерлеріне өту және жүру үшін қоғамдық сервитут орнату, мөмілелер жасауға тыйым салынады
3	1390,8205 га. Оның ішінде: 625,8793 га егістік, 764,9412 га жайылым	Өсімдік және мал шаруашылығы	10 жыл	Божығур ауылдық округі, «Синяя сопка» учаскесі, Салкынтөбе ауылынан 5 км	Бөтен жер пайдаланушылардың жерлеріне өту және жүру үшін қоғамдық сервитут орнату, мөмілелер жасауға тыйым салынады
4	698,7762 га. Оның ішінде: 698,7762 га жайылым	Өсімдік шаруашылығы	10 жыл	Қалбатау ауылдық округі, «Қорықшар-1» учаскесі, Қалбатау ауылынан 14 км	Бөтен жер пайдаланушылардың жерлеріне өту және жүру үшін қоғамдық сервитут орнату, мөмілелер жасауға тыйым салынады
5	675,9350 га. Оның ішінде: 675,9350 га жайылым	Мал шаруашылығы	10 жыл	Қалбатау ауылдық округі, «Қорықшар-2» учаскесі, Қалбатау ауылынан 14 км	Бөтен жер пайдаланушылардың жерлеріне өту және жүру үшін қоғамдық сервитут орнату, мөмілелер жасауға тыйым салынады
6	900,6604 га. Оның ішінде: 900,6604 га жайылым	Мал шаруашылығы	10 жыл	Қарасу ауылдық округі, «Үштөбе» учаскесі, Қарасу ауылынан 50 км	Бөтен жер пайдаланушылардың жерлеріне өту және жүру үшін қоғамдық сервитут орнату, мөмілелер жасауға тыйым салынады
7	470,9738 га. Оның ішінде: 470,9738 га жайылым	Мал шаруашылығы	10 жыл	Қызылағаш ауылдық округі, «Қойбағар-1» учаскесі, Қызылағаш ауылынан 15 км	Бөтен жер пайдаланушылардың жерлеріне өту және жүру үшін қоғамдық сервитут орнату, мөмілелер жасауға тыйым салынады
8	525,8074 га. Оның ішінде: 525,8074 га егістік	Өсімдік шаруашылығы	10 жыл	Қызылағаш ауылдық округі, «Қойбағар-2» учаскесі, Қызылағаш ауылынан 15 км	Бөтен жер пайдаланушылардың жерлеріне өту және жүру үшін қоғамдық сервитут орнату, мөмілелер жасауға тыйым салынады
9	1284,2828 га. Оның ішінде: 1284,2828 га жайылым	Мал шаруашылығы	10 жыл	Қызылағаш ауылдық округі, «Үшкеліншек» учаскесі, Қызылағаш ауылынан 55 км	Бөтен жер пайдаланушылардың жерлеріне өту және жүру үшін қоғамдық сервитут орнату, мөмілелер жасауға тыйым салынады
10	525,3750 га. Оның ішінде: 525,3750 га жайылым	Мал шаруашылығы	10 жыл	Жарық ауылдық округі, «Көшкінбай-2» учаскесі, Жарық ауылынан 50 км	Бөтен жер пайдаланушылардың жерлеріне өту және жүру үшін қоғамдық сервитут орнату, мөмілелер жасауға тыйым салынады
11	900,0002 га. Оның ішінде: 900,0002 га жайылым	Мал шаруашылығы	10 жыл	Жарық ауылдық округі, «Түйе сойған» учаскесі, Жарық ауылынан 50 км	Бөтен жер пайдаланушылардың жерлеріне өту және жүру үшін қоғамдық сервитут орнату, мөмілелер жасауға тыйым салынады
12	1090,0 га. Оның ішінде: 1090,0 га жайылым	Мал шаруашылығы	10 жыл	Суықбұлақ кенті, «Қорғанбай-2» учаскесі, Жайма ауылынан 20 км	Бөтен жер пайдаланушылардың жерлеріне өту және жүру үшін қоғамдық сервитут орнату, мөмілелер жасауға тыйым салынады

Информационное сообщение

Акима́т Жарминского района проводит конкурс по предоставлению земельных участков в аренду для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

К участию в конкурсе допускаются физические и юридические лица Республики Казахстан, за исключением лиц, состоящих в реестре лиц, у которых принудительно изъяты земельные участки, а также победители конкурса, отказавшиеся от подписания договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения, в течение одного года.

Заявка на участие в конкурсе и конкурсные предложения должны соответствовать требованиям статьи 43-1 Земельного кодекса Республики Казахстан от 20 июня 2003 года и «Правилам организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» утвержденным приказом Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 20 декабря 2018 года №518.

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе осуществляется в течение пятнадцати рабочих дней с 23 июня 2026 года по 14 июля 2026 года, по адресу: область Абай, Жарминский район, с. Калбатау, ул. Достық 98, ГУ «Отдел земельных отношений Жарминского района области Абай», кабинет 4, телефон 8(72347) 65-875.

Открытие конвертов с конкурсными заявками и подведение итогов состоится 15 июля 2026

года в 10.00. часов, по адресу: область Абай, Жарминский район, с. Калбатау, ул. Достық, 105 (здание районного акимата).

Конкурс признается несостоявшимся в случаях:

Поступления менее двух заявок в конкурсе по каждому земельному участку, выставленному на конкурс;

Если к участию в конкурсе по каждому земельному участку, выставленному на конкурс, допущено менее двух участников.

Условия и требования по использованию земельного участка

- 1) использовать земельный участок в соответствии с целевым назначением;
- 2) осуществлять мероприятия по охране земель, их рациональному и эффективному использованию, предусмотренные земельным законодательством Республики Казахстан;
- 3) обеспечить обязательное введение и сохранение системы севооборотов;
- 4) своевременно вносить плату за пользование земельным участком;
- 5) применять передовые технологии производства, соответствующие санитарным и экологическим требованиям;
- 6) выполнять другие обязанности землепользователя, предусмотренные статьей 65 Земельного кодекса Республики Казахстан от 20.06.2003 года № 442-ІІ.

Перечень земельных участков

№ лота	Площадь, га	Сельскохозяйственная специализация	Срок аренды, лет	Местоположение земельного участка	Ограничения и обременения
1	396,3176 га. пашня	Растениеводство	10 лет	Божығурский сельский округ, Участок «Холодный ключ», 20 км от села Салкынтөбе	Установка общественного сервитута для проезда и проезда по землям посторонних землепользователей, совершение сделок запрещено
2	130,5300 га. пашня	Растениеводство	10 лет	Божығурский сельский округ, Участок «Көкшетау», 10 км от села Салкынтөбе	Установка общественного сервитута для проезда и проезда по землям посторонних землепользователей, совершение сделок запрещено
3	1390,8205 га. Из них: 625,8793 пашня, 764,9412 га пастбища	Животноводство и Растениеводство	10 лет	Божығурский сельский округ, Участок «Синяя сопка», 5 км от села Салкынтөбе	Установка общественного сервитута для проезда и проезда по землям посторонних землепользователей, совершение сделок запрещено
4	698,7762 га. пастбища	Животноводство	10 лет	Қалбатауский сельский округ, Участок «Қорықшар-1», 14 км от села Калбатау	Установка общественного сервитута для проезда и проезда по землям посторонних землепользователей, совершение сделок запрещено
5	675,9350 га. пастбища	Животноводство	10 лет	Қалбатауский сельский округ, Участок «Қорықшар-2», 14 км от села Калбатау	Установка общественного сервитута для проезда и проезда по землям посторонних землепользователей, совершение сделок запрещено
6	900,6604 га. пастбища	Животноводство	10 лет	Қарасуский сельский округ, Участок «Үштөбе», 50 км от села Қарасу	Установка общественного сервитута для проезда и проезда по землям посторонних землепользователей, совершение сделок запрещено
7	470,9738 га. пастбища	Животноводство	10 лет	Қызылағашский сельский округ, Участок «Қойбағар-1», 15 км от села Қызылағаш	Установка общественного сервитута для проезда и проезда по землям посторонних землепользователей, совершение сделок запрещено
8	525,8074 га. Из них: 525,8074 га пашня	Растениеводство	10 лет	Қызылағашский сельский округ, Участок «Қойбағар-2», 15 км от села Қызылағаш	Установка общественного сервитута для проезда и проезда по землям посторонних землепользователей, совершение сделок запрещено
9	1284,2828 га. Из них: 1284,2828 га пастбища	Животноводство	10 лет	Қызылағашский сельский округ, Участок «Үшкеліншек», 55 км от села Қызылағаш	Установка общественного сервитута для проезда и проезда по землям посторонних землепользователей, совершение сделок запрещено
10	525,3750 га. Из них: 525,3750 га пастбища	Животноводство	10 лет	Жарықский сельский округ, Участок «Көшкінбай-2», 50 км от села Жарық	Установка общественного сервитута для проезда и проезда по землям посторонних землепользователей, совершение сделок запрещено
11	900,0002 га. Из них: 900,0002 га пастбища	Животноводство	10 лет	Жарықский сельский округ, Участок «Түйе сойған», 50 км от села Жарық	Установка общественного сервитута для проезда и проезда по землям посторонних землепользователей, совершение сделок запрещено
12	1090,0 га. Из них: 900,0002 га пастбища	Животноводство	10 лет	Суықбұлақский округ, Участок «Қорғанбай-2», 20 км от села Жайма	Установка общественного сервитута для проезда и проезда по землям посторонних землепользователей, совершение сделок запрещено



«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫ



Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 өкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы өткізіледі. Ұлттық конкурсы адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) оң үлгісін насихаттауға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған. Конкурсықа өзін-өзі ұсыну

арқылы, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың және заңды тұлғалардың ұсынуы бойынша отбасылар қатыса алады. Конкурсықа қатысу үшін өтінімдер аудандық (қалалық) комиссияларға 2026 жылғы 15 мамыр мен 15 маусым аралығында қабылданады. Бірінші кезең – аудандық (қалалық) кезең (2026 жылғы 29 маусымға дейін). Екінші кезең – облыстық кезең

(2026 жылғы 15 шілдеге дейін). Облыстық комиссиялардың шешімдері негізінде жеңімпаз отбасыларға «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағы беріледі. Толық ақпаратты «Жарма ауданының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінен алуға болады. Байланыс тұлғасы: Қалимбек Елназ Ернатқызы
Телефон: 8 (72347) 6-18-16.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ – ОТБАСЫНА ҚАМҚОРЛЫҚ

Бала – ел болашағы. Сондықтан мемлекет ана мен баланы қорғауға ерекше көңіл бөледі. Бала тууына және күтіміне байланысты төленетін жәрдемақылар жас отбасыларға үлкен қолдау болып табылады. Азаматтар өз құқықтарын біліп, заңда көрсетілген әлеуметтік көмектерді уақытылы рәсімдегені маңызды.

Қазақстанда отбасыларды әлеуметтік қолдау мақсатында бала тууына және бала күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақылар қарастырылған. Бұл төлемдер жаңа туған сәбидің күтіміне қажетті шығындарды өтеуге және ата-аналардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған. Осыған байланысты республикалық бюджет есебінен бала тууына және бала күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақылар төленеді. Бұл көмектер отбасылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға және жаңа туған нәрестені тәрбиелеуге қолдау көрсетуге бағытталған.

Осы мақсатта мемлекет бала дүниеге келген отбасыларға республикалық бюджет есебінен біржолғы мемлекеттік жәрдемақы тағайындайды. Бұл төлем Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі 79-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Әлеуметтік кодекстің 79-бабына сәйкес, бала тууына байланысты берілетін жәрдемақы Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға, сондай-ақ елімізде тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға тағайындалады. Жәрдемақы бала туған отбасының әлеуметтік жағдайына қарамастан төленеді.

Бала тууына байланысты берілетін мемлекеттік жәрдемақының мөлшері айлық есептік көрсеткішке (АЕК) байланысты белгіленеді. Бірінші, екінші және үшінші балаға бірдей көлемде 38,0 айлық есептік көрсеткіш төленсе, төртінші және одан кейінгі балаларға 63,0 айлық есептік көрсеткіш төленетін жәрдемақы мөлшері жоғары болады. Бұл көпбалалы отбасыларды қолдау мақсатында қарастырылған.

Жәрдемақыны рәсімдеу үшін азаматтар тұрғылықты жері бойынша Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясына немесе электрондық үкімет порталы арқылы өтініш бере алады. Өтінішке баланың туу туралы куәлігі мен жеке басын куәландыратын құжаттар қоса ұсынылады.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметтердің цифрландырылуына байланысты көптеген ата-аналар жәрдемақыны онлайн рәсімдеуге мүмкіндік алып отыр. Бұл халыққа уақыт үнемдеуге және мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыруға септігін тигізуде.

Бұл жәрдемақыны алу үшін:
Халыққа қызмет көрсету орталығына;
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпо-

рациясына;
проактивті қызмет арқылы;
немесе электронды үкімет порталы арқылы өтініш беруге болады.
Өтінішке:
баланың туу туралы куәлігі;
ата-ананың жеке куәлігі;
банк шотының нөмірі қажет.

Бала күтіміне байланысты ай сайынғы жәрдемақы

Бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайын мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Бұл төлем жұмыс істемейтін ата-аналарға беріледі.

Ал ресми түрде жұмыс істейтін азаматтарға Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлем тағайындалады. Оның мөлшері соңғы екі жылдағы табыс көлеміне байланысты есептеледі.

Республикалық бюджеттен жұмыс істемейтін ата-аналарға бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайын мемлекеттік жәрдемақы төленеді.

Жәрдемақы мөлшері:
бірінші балаға - 5,76 айлық есептік көрсеткіш;
екінші балаға - 6,81 айлық есептік көрсеткіш;
үшінші балаға - 7,85 айлық есептік көрсеткіш;
төртінші және одан кейінгі балаларға - 8,90 айлық есептік көрсеткіш қарай сараланып белгіленеді.

Ай сайынғы төлем анасының немесе баланы күтіп отырған өзге адамның атына тағайындалады. Ай сайынғы төлемнің басты мақсаты – ана мен баланың әлеуметтік жағдайын қолдау және сәби күтімі кезеңінде отбасының табысын сақтауға көмектесу.

Әлеуметтік қолдаудың маңызы
Мемлекеттік жәрдемақылар – отбасы институтын нығайтудың және демографиялық өсімді қолдаудың маңызды тетігі. Ана мен балаға көрсетілетін қамқорлық қоғамның әл-ауқатын арттыруға ықпал етеді. Сондықтан азаматтарға мемлекеттік қолдау шараларын тиімді пайдаланып, жәрдемақыларды уақытылы рәсімдеу маңызды. Бұл – әр отбасының әлеуметтік қорғалуына жасалған нақты көмек.

«Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік жағынан қамсыздандыру министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Абай облысы бойынша департаменті» РММ.

Айым Алимханқызы, Зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің бас маманы.

ШЕГІРТКЕЛЕРДЕН САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ

Құрметті аудан тұрғындары мен шаруа қожалық басшылары соңғы кездері ауладан шегірткелердің көбейгені байқаған боларсыздар. Шегірткелер егістіктер мен онда өскен астық және басқа дақылдар және шабындық пен жайылымдар үшін аса қауіпті. Сондықтан бұл өзекті мәселенің бірі болып саналады. Жарма ауданында шегіртке тектес зиянкестердің үйірлі (итальяндық прус және саяқ шегіртке мекен етеді. Алайда осы түрі астық пен техникалық дақылдардың, көкөніс, бау-бақша егістерінің, мал жайылымдарының және шабындық жерлердің аса қауіпті зиянкестері. Шегірткелер үйірлі және саяқ тектестерге бөлінеді. Соның ішінде үйірлі шегірткелер аса қауіпті зиянкес ретінде бағаланады. Былтыр 2025 жылы ауданда үйірлі шегірткеге итальяндық пруска қарсы 3,6 мың гектар, саяқ шегіртке қарсы 4,11 мың гектарға химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді. Жалпы биыл 2026 жылға аудан бойынша химиялық өңдеу көлемі үйірлі шегірткеге итальяндық пруска 4,8 мың гектар, саяқ шегірткеге 4,68 мың гектарға болжам жасалып отыр.. Осыған сәйкес мамыр - шілде айында фитосанитариялық шаралар жүргізуге аудан әкімдігі мен аумақтық инспекциясы және Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығының Жарма аудандық филиалының мамандары бірлесіп, жұмыс тобы құрылды. Нәтижесінде жұмыс тобымен егіс алқаптарына, мемлекеттік жер қорларына мониторинг жүргізіп, үйірлі шегіртке итальяндық прус және саяқ шегіртке зиянкестерімен залалданған экономикалық зияндылық шегінен жоғары жерлерге химиялық өңдеу жұмыстары жүргізіледі. Шегіртке зиянкестері күн ысыған сайын өсімдіктерден мылғал алу үшін онымен көп қоректенеді. Шегіртке дернәсілдері топырақтың беткі қабаты қызғанда ғана жер бетіне шығады. Жер бетіне шыққан дернәсілдері ересек шегірткеге ұқсас келеді, тек қанаты болмайды. Дернәсілдердің даму сатысы 30-40 күнге созылып, ересек қанатты шегірткеге айналады. Даму кезінде дернәсіл 4-5 рет түлеп, 4-5 жастан өтеді. Жандануы кезінде олар үйірленіп, олардың саны бір шаршы метрде жүз және одан да көп болады. Үйірлі шегірткелердің сандары көбейген кезде, алғашқыда дернәсілдердің жиынтығы, кейін олардан шегіртке үйірлері пайда болады. Жылына бір рет ұрпақ береді.

Шегіртке көбіне адам баласы мекендемейтін, техника бара алмайтын, мал көп жайылмайтын тың жерлерге, жайылымдарға, құмдардың биіктеу жерлеріне, өсімдік тамырларының арасына өздерінен бөлініп шығатын сұйық затпен топырақты қайтып, күбірше жасап, оған жұмыртқа салады. Ол күбірше шегіртке тұқымының қыстап, көктем шыға дамуына қолайлы. Қатты ыстықты және құрғақшылық жылдары шегірткенің топырақ бетіне салған жұмыртқалары кеуіп қалса, салқынды және ылғал қоры мол болғанда жұмыртқалар көгеріп, саңырауқұлақ қоздыратын инфекциялардан өледі. Шегіртке дернәсілдеріне уақтылы өңдеу жұмыстары жүргізілмесе, алдағы жылдарда мыңдаған гектар жерге тұқымын жайып жіберуі мүмкін. Көбейген жағдайда егістіктер мен жайылымдарға, жер бетіндегі биомасса бөліктеріне қатты зиян келтіреді. Күніне ондаған шақырымға дейін ұшып, өсімдіктерді отайды.

Осы аталған үйірлі шегірткенің ошақтарын байқаған жағдайда жедел жергілікті әкімдікке немесе арнайы құрылған мобилдік топтарға хабарласуларыңызды сұраймыз.

Жарма ауданы әкімінің орынбасары С.А.Сатпеков тел-87015800374; Жарма ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлім басшысы Г.К.Абишева тел-87055200604; ҚР АШМ АӨК МИК Жарма аудандық аумақтық инспекция басшысы С.Г.Нағыметжанова тел – 87472070495; ҚР АШМ АӨК МИК РММ «РФД ж БӨ» Жарма аудандық филиалының басшысы Е.Б.Мусатов тел – 87774159210.

Жарма аудан апаратының жұмылдыру даярлығы, азаматтық қорғау және төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Қ.С.Куоспаев тел – 87752862082

*Е.Б.Мусатов, ҚР АШМ АӨК МИК РММ
«Республикалық фитосанитарлық
диагностика және болжамдар
әдістемелік орталығы»
Жарма аудандық филиалының басшысы.*

Водохранилище защищают от заиливания и браконьерства



На берегу водохранилища Кызылсуйского в Жарминском районе появились специальные знаки, предупреждающие о запрете на ловлю рыбы. Водохранилище передано в ведение «Ауэзовских коммунальных сетей» (АКС) для озерно-товарной хозяйственной деятельности. Это продолжение масштабной работы по очистке водоема.

Донные залежи

С плотины на реке Кызылсу осушается забор питьевой воды для поселка Ауэзов. В последние годы водохранилище стало заиливаться и зарастать: река приносит глину, песок, органику, всё это оседает на дне. Параллельно разрослись водоросли и камыш.

«Были рассмотрены разные способы очистки: от механических (откачка ила) до бактериологических. У каждого есть плюсы и минусы, все они требуют очень существенных затрат. Мы начали искать более мягкие и естественные решения», - пояснил директор АКС Сергей Богайчук.

Одним из таких вариантов стало зарыбление. Было решено запустить

в водоем виды рыб, которые активно питаются водной растительностью. Специализированная научная организация провела исследование и определила подходящих представителей: ими стали сазан-камп и белый амур.

Сазан-камп питается водорослями, а белого амура называют «водяной короной»: он поедает камыш и другую высшую растительность. В теплую погоду за день такая рыба может съесть объем травы, равный собственному весу.

Сазану везде хорошо

Зарыбление водохранилища планомерно велось в течение двух последних лет, на эти цели было потрачено 28 млн тенге. Финансирование взяло на себя Бакырчикское горнодобывающее предприятие.

Исследование, проведенное в прошлом году, показало хорошую выживаемость рыбы, особенно сазан-карпа, для которого такие условия

являются естественными.

«Контрольный отлов показал, что выживаемость сазана-карпа составляет около 73 процентов, белого амура - 48 процентов. Это объяснимо: для амура вода здесь прохладная, и на нерест он может пойти только в очень теплое лето. Но в целом показатели хорошие. Сазан-камп уже начинает метать икру, поэтому мы рассчитываем на увеличение популяции и как следствие - на дальнейшее улучшение состояния водоема», - рассказал главный эколог БГП Денис Некрылов.

Также зимой было проведено исследование содержания кислорода в воде. Показатели оказались высокими: 12-13 процентов при рыбохозяйственной норме 6 процентов летом и 4 процента зимой. Это значит, что дополнительная аэрация водоему не требуется, так как выпадающая в водохранилище речушка полностью не перемерзает и приносит с собой достаточное количество растворенного кислорода. То есть происходит процесс естественной аэрации.

«Мы уже видим положительный эффект от зарыбления. При этом нужно учитывать, что с момента запуска

рыбы прошло еще немного времени, и мы рассчитываем на постепенный прогресс в этом направлении, - резюмирует главный

эколог. - Однако возникла другая проблема - браконьерство. Люди массово вылавливают рыбу, в том числе белого амура и сазана-карпа. У водохранилища статус рыбохозяйственного водоема, и чтобы сохранить популяцию, закон дает право обеспечить его охрану для недопущения незаконного вылова объектов аквакультуры. Рыбалка отныне запрещена. Просим относиться к этому с пониманием».

Ирина КУЗНЕЦОВА
Фото Кирилла ЕФРЕМОВА

Официально, по бумагам, у водохранилища три названия - Бакырчикское, Кызылсуйское, Жанаульское. Но привычнее и короче звучит имя Кызылсу.

БЛАГОДАРНОСТЬ

СПАСАЯ ЛЮДЕЙ, ИДУТ ДО КОНЦА

Так повелось, (не первый год) мы с мужем на своей машине, в свободное время либо на выходные, выезжаем на природу. В нашем районе много красивых мест для отдыха. Вот и 10 мая мы также выехали в сторону станции Жарма, Передвигаясь по горам, где-то в низовьях, на зеленых равнинах, переполненных талой водой, мы застряли. Выехать из болотистых мест самостоятельно уже не смогли. И тогда приняли решение пешком добраться до ближайшего крестьянского хозяйства. Около 16.00 часов, оставив автомобиль, мы пошли искать помощь. Мобильная связь отсутствовала, но было тепло и солнечно, ничто не предвещало беды. Мы шли по горной местности, спускаясь вниз, переходили через мелкие ручьи, даже пару раз провалились по пояс в воду. Время шло, вечерело, а хозяйства так и не нашли.

Погода переменилась, начался дождь, ветер. Уже было темно, когда в 20.00 часов появилась связь с внешним миром. Муж сразу позвонил в службу спасения по каналу 112. Вызов приняла оператор службы из г. Усть-Каменогорск ВКО. Надо отдать должное оператору, несмотря на другую область, она не осталась равнодушной к нам, тут же соединила нас с дежурной частью Жарминского РОВД. Дежурный сотрудник полиции очевидно позвонил и поставил в известность руководителя спасательного подразделения с. Калбатау ДЧС области Абай Толегена Сериковича Ахметкаримова. С этого момента Толеген Ахметкаримов буквально полностью взял под контроль и в свои руки наше спасение. Постоянно находясь на связи с нами, подбадривая нас, он немедленно отправил к нам своих сотрудников - спасателей.

Мы заблудились, не могли толком объяснить, где находимся. К тому же сильный холодный ветер сопровождался проливным дождем, местами переходящим в снег. Мокрые и продрогшие, мы начали замерзать, физические силы были уже на исходе. В конце концов, в кромешной темноте, во втором часу ночи, мы вышли к высоковольтным столбам линии электропередач, от-

куда уже совместно со спасателями могли более точно корректировать наше местоположение. В итоге в три часа ночи мы были спасены. Уже в салоне спасательной машины нам стало известно, что и оперативники, пытаясь скорее нам помочь, застряли на солончаковых трясилах и даже немного заблудились. Успокоившись, я спросила, обращаясь к ребятам: «А что было бы, если вы не нашли бы нас?». Водитель машины спасателей ответил, что такого не бывает, и мы, спасая людей, идем до конца.

